



## «1 Наурыз – Алғыс айту күніне» орай өткізілген жиналыстың

### ХАТТАМАСЫ

Шымкент қаласы

20.02.2018 жыл

**Қатысқандар:** «Облыстық оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері.

**Күн тәртібінде:** «1 Наурыз – Алғыс айту күніне орай» онкүндікті ұйымдастыруды талқылау, түсіндіру.

Облыстық оңалту орталығының директоры Калиева Парида Сатаевна Мемлекет басшысының - Биылғы қаңтарда мен тиісті жарлыққа қол қойдым. Алғыс айту күні – енді ұлттық күнтізбедегі Еңбек күні, Отбасы күні сияқты өзге де мерекелердің қатарындағы жаңа дата екендігін, бұл мереке қазіргі уақытта аса қажет біздің қоғамдағы сенімді, келісім мен достықты бұрынғыдан да нығайта түсетініне сенімдімін, – деген сөздерімен бастады.

Қазақстан Президенті тарихымыздың көптеген беттері биік моральдық құндылықтардың бірі ретінде алғыспен байланысты екенін атап өтті.

Біздің бабаларымыз халықтың басына түскен ауыр сынақтарға төтеп беретін күш-қуат дарытқан туған жерге және тағдырына риза сезімде болған. Олар әскери шапқыншылық жылдарында, қуаңшылық немесе жұт кезінде көмекке келген жақындарына, туыстары мен көршілеріне әрдайым алғыс айтқан. XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін және жер аудару сияқты қайғы-қасірет жылдары миллиондаған адам бір-біріне көрсеткен көмегі мен қолдауы үшін ризашылық танытты. Бұл барынан айрылған адамдарға тіршілік жасауға, үмітін қайта жалғауға, өмірді қайта бастауға күш берді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев өз мәлімдемесінде», - деп өз пікірін білдірді.

Облыстық оңалту орталығының директоры



П.С.Калиева